

**«Жаңа Қазақстан: жастар және жаңғыру»  
тақырыбына арналған Парламенттік тыңдаудың  
қорытындылары бойынша  
ҰСЫНЫМДАР**

Нұр-Сұлтан қаласы

2022 жылғы 20 мамыр

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа Қазақстан - жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты» - деп атап көрсетіп, жаңа Қазақстанды бірге өркендетуге шақырды.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан бері жастар саясатын дамыту бойынша бірнеше стратегиялық құжаттар қабылданды. Алайда, республика жастарының әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірінде күтілгендей түбегейлі өзгерістер жүзеге аспады. Сондай-ақ осы жылдарда ойы, өмір салты, шығармашылығы еркін жастардың жаңа буыны өсіп шықты.

Бүгінгі күні жастарды сапалы біліммен, орташа күн көріс деңгейінде жалақысы бар тұрақты жұмыс орындарымен, қолжетімді баспанамен және жеткілікті әлеуметтік қолдаулармен қамтамасыз ету мәселелері өте өзекті болып отыр.

Мұндай жағдайда мемлекет – жастардың жаһандық даму трендтеріне сай және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленіп қалыптасуына, әлемдік және ұлттық кеңістікте бәсекеге қабілетті болуына барынша жағдай жасауы тиіс.

Осы ретте жастарды рухани, материалдық, әлеуметтік қолдаудың уақыт талабына сай мүмкіндіктерін қарастыру үшін парламенттік тыңдауға қатысушылар көтерген ұсыныстар мен ақпараттарды негізге ала отырып, мынадай **ҰСЫНЫМДАР ЖАСАЙДЫ:**

**Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1. жаңа экономикалық саясатты іске асыруға жастарды жұмылдыра отырып, тұрақты жұмыс орындарымен қамтуға мүмкіндік беретін экономиканың басым бағыттары – индустрия, агроөндірістік кешен және қызмет көрсету салаларында якорлық кәсіпорындарды анықтау, олардың жанынан кәсіпкерлікті дамытуға жастарды тарту және жұмыспен қамту жөніндегі Ұлттық жобалардың қаражатын тиімді игерудің нақты механизмдерін белгілеуді;

2. білім берудің барлық деңгейінде білім сапасын жақсартуға баса мән бере отырып, оқу орындарында даярланатын мамандарға ұлттық экономиканың секторларының еңбек ресурстарына деген сұранысына сәйкес және білім беру мекемелеріне жұмысқа орналастыруға кепілдік беретін кәсіпорындардың өтінімдері бойынша мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруды;

3. еңбек ресурстарының ағынын өңіраралық мониторинг пен болжау мақсатында жұмыс орындарын құруды көздейтін ұлттық және инвестициялық жобалардың барлық іс-шараларын, мемлекеттік атқарушы органдардың осы бағыттағы деректер базасын, сондай-ақ мамандарды дайындау бойынша барлық мамандықтар сипаттамалары мен оның негізінде мамандық алған түлектердің жұмысқа орналасуы жайлы ақпараттарын еңбек биржасымен интеграциялау және мемлекеттік органдардың бірыңғай орталықтандырылған, көлденең интеграцияланған ақпараттық жүйесін құруды қарастыру;

4. жұмыс берушілердің мүддесін ескере отырып, ЖОО, техникалық және кәсіптік білім беруде дуальді білім беру практикасын кеңейтуді, бизнес қауымдастықпен бірлесе отырып оқыту бағдарламаларын жаңғыртуды және сапалы оқытуды, өзгеріп отыратын уақыт талаптарына сай мамандар даярлауды, сол арқылы білімнің өндіріспен, жаңа технологиялармен байланысын қамтамасыз етуді және түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесін халықаралық тәжірибеге сүйене отырып ұлттық экономиканы дамытудың стратегиялық бағыттарына сәйкес пысықтауды;

5. жас отбасыларды және оқу орнын жаңадан аяқтаған түлектерді алғашқы жұмыс орындарымен тұрақты қамту бойынша бағдарламалардың іске асуын жан-жақты талдау және кемшін тұстарын, уақыт талабына сай өзектендіру, тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды қайта пысықтау, соның ішінде бастапқы жарнаны, несие пайызын төмендету, жастарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында бизнес қауымдастықты тартуға ынталандырудың әлемдік тәжірибесін зерделеу арқылы жаңа механизмдерді ендіруді қарастыру;

6. NEET санатындағы жастарға білім деңгейі және әлеуметтік санаттарына қарай, жас ерекшеліктерін ескере отырып мониторинг жүргізу, соның қорытындысымен оқыту, кәсіби даярлау, қайта оқыту арқылы нақты жұмыс орындарына орналастыру және оларды әлеуметтендіру бойынша ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануды және осы бағыттағы мемлекеттік бағдарламаларға терең талдау жасау және олардың тиімділігін анықтауды қарастыру;

7. жаһандану дәуірінде ұлттық болмысымыздың алтын дінгегі – ана тілімізден, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау мақсатында Жаңа Қазақстанның мемлекеттік идеологиясын уақыт талабына сай кешенді жаңғыртуды және халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде жаңа құндылықтардың жаршысы – мәдениет, өнер, шығармашылық-ағартушылық ұйымдарды Үкімет тарапынан және бизнес қауымдастықты тарта отырып, қаржылық қолдаудың жаңа механизмдерін қарастыруды;

8. IT саласындағы және электронды бұқаралық ақпарат құралдарындағы жастар мен жасөспірімдерге арналған контентті тарихи оқиғалар мен ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген республика деңгейінде бір арнаға топтастыратын және олардың жас ерекшеліктеріне лайықтап видео-ойындар, бейне роликтер, танымдық бағдарламалар, ақылды қосымшалар және мультипликациялық фильмдер дайындау арқылы жалпыға бірдей платформа әзірлеуді қарастыру;

9. жастар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді өткізу, қабілеттерін ерте кезеңнен шыңдау мақсатында, спорттық секциялар мен шығармашылық үйірмелерді жан басына қаржыландыруда орын алып отырған кемшіліктерді түзетіп, тиімді іске асыру механизмдерін жедел түрде қайта пысықтауды;

10. жастар мен жасөспірімдердің оңай табыс көзі ретінде интернет-казино, лото түріндегі ойын автоматтары, букмекерлік кеңселер мен тотализаторға тәуелділігін шектеу және Интернет кеңістікте ойындарды насихаттауға арналған жарнамалар мен вирустық роликтерді таратпау мақсатында, ойын бизнесіне қатысты қолданыстағы нормаларды зерделеп, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, «Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025

жылдарға арналған кешенді жоспарын» жастарды жұмысқа орналастыру мен кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдай жасау, қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту, жастар арасында суицид, есірткіге тәуелділіктің алдын алу, жастар ресурстық ортылықтарының қызметін қайта ұйымдастыру іс-шараларын тиімділік тұрғысынан өзектендіру, сондай-ақ жастарды ауылда қалдырып, кәсіпкерлікке тарту ұлттық идеясын ұсынуды;

11. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде қаралып жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасында Парламенттік тыңдауда көтерілген мәселелерді ескере отырып өзектендірілген қосымша іс-шаралар ұсынуды;

12. жастар денсаулығы орталықтарының қызметін оңтайландыру үшін оларды жан басына қаржыландыру, ондағы мамандарды репродуктивті және психикалық денсаулық мәселелері бойынша оқыту, орталықтар үшін қызметтерді сатып алудың бірыңғай әдіснамасын әзірлеу, UNFPA әзірлеген әдістемелік ұсынымдар негізінде олардың қызметіне мониторинг енгізу және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ата-ана атану мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ЭКҰ қызметтерінің оңтайландырылған арнайы бағдарламасын қарастыруды.